Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Марқакөл ауылының мектеп-интернат колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное учреждение «Школа- интернат-колледж села Маркаколь» управления образования Восточно-Казахстанской области

Бұйрық

Приказ

2026 жыл 09 қаңтар

№ 03

Марқакөл ауылы

Қызметті шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден сатып алу тәсілі туралы

« Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 16-бабы 3-тармағының 27-тармақшасына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2024 жылғы 9 қазандағы №687 Бұйрығының 506-509-тармағына сәйкес,
ТЖҚ сатып алу қажеттілігіне байланысты **БҰЙЫРАМЫН:**
1.ТЖҚ Бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру.
2.Сатып алуды келесідей негіздеңіз:
Заңның 16-бабы 3-тармағының 28-тармақшасы:
Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу мынандай жағдайларда жүзеге асырылады:
28) егер құндық мәндегі осындай бір текті тауарлардың жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жүз еселенген мөлшерінен аспаса, егер құндық мәндегі осындай бір текті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспаса, ал аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін бір текті тауарларды сатып алу-республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшері;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығы:
506. Заңның 16-бабының 3-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу тапсырыс берушінің шешімі негізінде, шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілін таңдаудың тиісті негіздемесімен жүзеге асырылады.

507. Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімді тапсырыс берушінің бірінші басшысы неоның міндетін атқарушы тұлға не Тапсырыс беруші аппаратының басшысы немесе аппарат басшысының өкілеттігін жүзеге асыратын өзгеде лауазымды адам қабылдайды.
508.Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылданған жағдайларда, мұндай мемлекеттік сатып алу Заңның 5-бабы 1-тармағының 1), 4), 6) және 7) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидасын сақтаумен жүзеге асырылады.
509. мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылдаған адам заңның 5-бабының 1) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алу қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етеді.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор **А.А.Нурпеисова**

Бұйрықпен таныстым _____
Күні 09.01.2026